снижается. Это объясняется осаждением избыточного количества TiO_2 на поверхности мембраны, что блокирует ионный перенос. Зависимость ионной проводимости от температуры соответствует правилу Аррениуса: повышение температуры приводит к увеличению подвижности ионов. Кроме того, проведен анализ полученных композитных полимерных сепараторов с использованием сканирующего электронного микроскопа и инфракрасной спектроскопии. Полученные результаты подчеркивают важность изучения физико-химических аспектов влияния наполнителя на свойства мембранных сепараторов. Это позволяет углубить фундаментальные знания о взаимодействиях между полимерной матрицей и наполнителем, а также облегчает выбор компонентов для мембранных сепараторов с заданными характеристиками. Полученные в результате исследований композитные мембраны могут быть использованы для химических источников тока.

Ключевые слова: литий-ионные полимерные батареи, ионная проводимость, мембрана-сепаратор, наполнитель, пленка

Кіріспе. Қазба ресурстарын пайдалануды азайту және жаңартылатын энергияны өндіру мен сақтауды жақсарту бойынша электр энергиясын сақтау жүйелері-ауысудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, өйткені олар жаңартылатын энергия көздері, литий-ионды аккумулятор (ЛИА) өндіретін электр энергиясын тиімді сақтайды (Zhang, et al., 2017). Литий-ионды аккумулятор электроникада, электромобильдерде және энергетикалық жүйелерде, робототехникада және басқа салаларда кеңінен қолданылып келеді (Luo, et al., 2022). Ең үлкен нарық-портативті электр құрылғылары болды, бірақ қазіргі таңда автомобиль көлігі үшін литий-ионды аккумуляторларға сұраныс арта түсуде. Батарея аэроғарыш өнеркәсібінде, соның ішінде спутниктер мен авиацияда да қолданыла бастады. Жоғары энергия тығыздығы және тиімділігі, ұзақ қызмет ету мерзімі, жылдам зарядтау және разрядтау, өздігінен төмен разряд жылдамдығы және жұмыс температурасының кең ауқымы, жоғары қуат сыйымдылығы, ұзақ қызмет ету мерзімі сияқты қасиеттеріне байланысты кеңінен пайдаланылуда (Zhang, et al., 2019). Батареялардың энергия тығыздығы артып келе жатқанына қарамастан, қауіпсіздік мәселелері олардың одан әрі практикалық қолданылуына айтарлықтай кедергі келтіретін маңызды мәселе болып тұр. Сондықтан да, қарқынды жұмыс жағдайында литий-ионды батареялар термиялық үдеу қауіпіне ұшырайтыны белгілі болып отыр (Liu, et al., 2017).

Литий-ионды аккумулятор негізгі төрт компоненттен тұрады: катод, анод, электролит және сепаратор. Батареяның әртүрлі компоненттерінің ішінде сепаратор батарея өнімділігінде маңызды рөл атқарады (Liu, et al., 2018). Литий-ионды аккумулятор сепараторы катод пен анодтың арасында орналасқан және литий тогын өткізген кезде оң және теріс электродтардың электронды оқшаулауында шешуші рөл атқарады, ол аккумулятордың электрохимиялық өнімділігіне қатты әсер етеді. Сепараторлар электродтардың бір-біріне тиіп кетуіне және қысқа тұйықталуына жол бермеу үшін жоғары температурада тұрақты өлшемдерді

сақтауы керек (Gong, et al., 2020). Сепараторлардың ең маңызды сипаттамалары микроқұрылым, ылғалдылық, термиялық және механикалық қасиеттер және иондық өткізгіштік мәні болып табылады. Сепаратордың үлкен кеуектілігі литий иондарының сепаратордың микропоралары арқылы тасымалдануына ықпал етеді (Costa, et al., 2019). Сепаратор электролит қоймасы ретінде де қызмет ете алады, иондардың тасымалдануына және белгілі бір дәрежеде электрохимиялық сипаттамаларға әсер етеді, сондықтан оның орналасуы электрод пен электролиттің орналасуына тең болса, сепаратор маңыздырақ болады (Lee, et al., 2019).

Сепаратордың сапасының нашарлауы қуаттың төмендеуіне және ақырында қуат көзінің істен шығуына әкелуі мүмкін. Сепаратордың бұзылуының басты себептері, негізінен, сепаратордың кеуектерінен туындаған литий дендриттерінің өсуі, электролиттің енуі, сепаратордағы циклдік өткелдердің бітелуі және температураның жоғарылауынан туындаған құрылымның бұзылуы болып табылады. Қазіргі уақытта жоғары қауіпсіздік пен сенімділікке, сондай-ақ ұзақ қызмет ету мерзіміне ие батарея сепараторлары мұқият зерттелуде (Xu, et al., 2020).

Соңғы жылдары ғалымдар поли(винилиденфторид) (ПВДФ)-полиэтиленоксид (ПЭО) негізіндегі электролитті алу және соның негізінде алынған композитті полимерлі электролиттерге зерттеулер жүргізуде (Martins, et al., 2020). Типтік сызықтық ПЭО этилен оксиді (ЭО) тізбектерінің жоғары кристаллдылығына байланысты болатын негізгі кемшілігі—олардың бөлме температурасында иондық өткізгіштігі төмен (10^{-6} -дан 10^{-8} См⁻¹-ге дейін) (Karthik, et al., 2018). Кристалдықты төмендету және иондық өткізгіштікті жақсарту үшін поливинилиденфторидті (ПВДФ) (Ushakova, et al., 2020) және полимер матрицасына TiO₂, SiO₂ және Al₂O₃ т.б сияқты нано толтырғыштарды қосты (Dhatarwal, et al., 2021). Сонымен қатар, ПЭО-нің жоғары қауіпсіздік, өндірістің қарапайымдылығы, төмен құны, жоғары энергия тығыздығы, төмен уыттылығы, жақсы электрохимиялық тұрақтылық және литий тұзымен тамаша үйлесімділік сияқты бірқатар ерекше артықшылықтары бар. Алайда, ПВДФ-ті де қолдануды шектейтін фактор бар. Бұл ПВДФ-тегі фтор атомдарының литий тұздарымен әрекеттесуі. Сонымен қатар, ПВДФ -тің кристалдық құрамы Li иондарының миграциясына әсер етеді, бұл ПВДФ негізіндегі мембрананың өнімділігінің нашарлауына әкеледі (Хуе, et al., 2015).

ПЭО негізіндегі электролиттік жүйелердің иондық өткізгіштігін және басқа электрохимиялық қасиеттерін жақсарту үшін екі негізгі тәсіл ұсынылды: біріншісі пластификация, екіншісі нано/микро өлшемді керамикалық толтырғыштарды дисперсиялау. Мұндағы полиэтилен оксиді (ПЭО)-бұл металл тұздарының жоғары концентрациясын еріту қабілеті бар бөлме температурасындағы жартылай кристалды полимер (Dhatarwal, et al., 2020). Жоғарыда келтірілген артықшылықтарына байланысты негізгі матрицаны құраушы полимер ретінде алынды. Күшті электронды акцепторлық функционалдық топтың (-C-F) арқасында ПВДФ негізіндегі ҚПЭ анодтық тұрақтылыққа ие болады. Бұл зерттеуде поливинилиденфторид (ПВДФ) электрохимиялық және механикалық қасиеттеріне байланысты пластификация және сополимер ретінде таңдалынды. Титан диоксиді (TiO₂) наноөлшемді керамикалық толтырғыш ретінде таңдалды.

TiO₂ негізіндегі нано толтырғыштар улы емес және химиялық тұрақтылық қасиеттеріне байланысты ұшпа органикалық қосылыс сенсорлары (ҰОС) және өзін-өзі қыздыратын сенсорлар сияқты бірнеше қолданбаларға ие (Ganta, et al., 2021). Зерттеудің мақсаты, энергия сақтау жүйелері үшін иондық өткізгіштігі жоғары қатты полимерлі электролит (полимерлі мембрана-сепараторлар) алу және электрохимиялық, физика-химиялық қасиеттерін зерттеу, полимерлі мембрана-сепараторлардың оңтайлы құрамын анықтау. Жұмыста нанокөмірдік полимерлі электролит (НКПЭ) немесе мембрана-сепараторлар (полимерлі электролит) бейорганикалық тұздардың қатысуынсыз алынды. Алынған мембрана-сепараторлардың күрделі түзілуі, бетінің морфологиясын және электрохимиялық қасиеттерін зерттеу үшін сәйкесінше сканерлеуші электронды микроскопия (СЭМ), инфрақызыл спектроскопия әдістері сияқты әртүрлі эксперименттік әдістер қолданылды.

Болашақта қайта зарядталатын батарея сепараторларына (мембрана) қойылатын талаптар жоғары болғандықтан, соны қанағаттандыратын сепараторларды дайындау, тиімді құрамды сепараторлар дайындау үшін қосымша зерттеулер қажет болғандықтан, мақалада химиялық тоқ көздері үшін қолданылатын композициялық полимерлі электролиттер алынып және олардың физика-химиялық қасиеттері сипатталынды, сонымен қатар алынған мембраналардың иондық өткізгіштік қасиетіне толтырғыш құрамының тиімділік әсері қарастырылды.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Берілген жұмыста полиэтилен оксид (ПЭО) $M_w=600,000$ г/моль (CAS № 25322-68-3), поливинилиденфторид (ПВДФ) $M_w\sim 534,000$ г/моль (CAS № 24937-79-9), бөлшектердің өлшемдері 25 нм нано толтырғыш титан диоксиді (TiO₂) (CAS № 1317-70-0) (Sigma-Aldrich) мембрана-сепараторларды дайындауға арналған бастапқы материалдар ретінде пайдаланылды. Сонымен қатар, еріткіш ретінде N, N-диметилформамид (ДМФА) (CAS № 68-12-2) (Loba Chemie, Үндістан) пайдаланылды.

Мембрана-сепараторлар 1:1 қатынаста, яғни ((50 мас.% ПЭО/50 мас.% ПВДФ)+х мас.% TiO₂ (х=2.5; 5; 7.5; 10)) және 3:1 қатынаста, яғни ((70 мас.% ПЭО/30 мас.% ПВДФ)+х мас.% TiO₂ (х=2.5; 5; 7.5; 10)) ерітіндіде дәстүрлі құю әдісімен алынды. Алдымен ПВДФ полимері берілген 1:1, 3:1 қатынаста дайындалды, ПВДФ (0,1 г) мөлшері химиялық стаканға салынды, ол магниттік араластырғышта ДМФА (7 мл) еріткішінде ерітілді. Осыдан кейін полимерлі ерітіндіге TiO₂ нано толтырғышты (х=2.5; 5; 7.5; 10 мас.%) (0.025; 0.05; 0.075; 0.1 г) қосылып, қайтадан араластырылды. Содан кейін, ерітіндіге ПЭО полимерін 1:1 (0,1 г), 3:1 (0,3 г) қосып, 60°C температурада, электролит ерітінділеріндегі TiO₂ нанобөлшектерінің жақсы дисперсиясына қол жеткізу үшін магнитті араластырғыш арқылы 2 сағат бойы үздіксіз араластырылды. Нәтижесінде, TiO₂ концентрациясы әртүрлі полимерлі электролиттердің 8 гетерогенді, тұтқыр ерітінділер алынып, полимерлі электролит ерітіндісі Петри шыны табақшасына құйылды. Пленканы қалыптастыру үшін құйылған ерітінді 24 сағат бойы 70°C температурада реттелетін кептіргіш пешке қойылды, содан кейін бөлме температурасына дейін салқындатылды, нәтижесінде бос тұрған мембрана-сепараторлар пайда болды (1-сурет).



1-сурет. Құю әдісінің схемасы

Нәтижелер және талқылаулар. Иондық өткізгіштікті анықтау.

Берілген жұмыста нанотолтырғыш TiO_2 концентрациясы (TiO_2 , мас.%) алынған мембрананың 25-45°C температура аралығында өткізгіштігіне әсері зерттелінді. Иондық өткізгіштік көлемдік кедергіні ескере отыра (мембрана қалыңдығы және ауданы) есептелінді. Сұйық электролит сіңдірілген мембрананың иондық өткізгіштігі Metrohm Autolab PGSTAT204 қондырғысында электрохимиялық импедансты спектроскопия әдісімен (EIS) анықталынды. Өлшеу 10 мВ амплитудада 0,1 Гц-1 МГц жиілік аралығында жүргізілді. Иондық өткізгіштік (σ) келесі теңдеумен есептелінді:

$$\sigma = d/(R_b \times A) \quad (1),$$

мұнда d — мембрана қалыңдығы, R_b — мембрананың көлемдік кедергісі, A — мембрана көлденең қимасының ауданы. Мембрана қалыңдығы МЦК25 (ZITOM) 0-25mm (0.001mm) электронды сандық микрометрмен өлшенді.

1- Кесте. Әр түрлі температура және TiO_2 үлесіндегі КПЭ иондық өткізгіштігі

№	Полимер қатынастары	Толтырғыш (TiO ₂) үлесі, (г)	T, °C	d, см	R, Ом	Б, См/см
1	ПЭО-ПВДФ 1:1	0.025	25	0,0093	115,47	1,62*10 ⁻⁴
			35		48,62	3,84*10 ⁻⁴
			45		21,3	8,42*10 ⁻³
2		0.05	25	0,1082	30,1	7,22*10 ⁻³
			35		21,7	8,21*10 ⁻³
			45		20,68	8,36*10 ⁻³
3		0.075	25	0,1124	149,3	1,22*10 ⁻⁴
			35		137,1	1,64*10 ⁻⁴
			45		49,59	3,64*10 ⁻³
4		0.1	25	0,1134	61,25	3,56*10 ⁻³
			35		55,21	3,64*10 ⁻³
			45		50,44	4,61*10 ⁻³

5	ПЭО-ПВДФ 3:1	0.025	25	0,1234	28,3	8,67*10 ⁻³
			35		21,15	8,96*10 ⁻³
			45		16,91	9,59*10 ⁻³
6		0.05	25	0,1162	29,86	7,82*10 ⁻³
			35		29,72	7,85 *10 ⁻³
			45		20,76	8,30*10 ⁻³
7		0.075	25	0,1249	64,99	3,72*10 ⁻³
			35		61,21	3,95*10 ⁻³
			45		51,66	4,52*10 ⁻³
8		0.1	25	0,1206	59,86	3,82*10 ⁻³
			35		49,72	3,85 *10 ⁻³
			45		31,32	6,30*10 ⁻³

Кестеде полиэтиленоксид (ПЭО) және поливинилиденфторид (ПВДФ) негізіндегі композитті электролиттердің әртүрлі полимерлік қатынастарында (1:1 және 3:1) және титан диоксиді (TiO_2) толтырғышының үлесімен өткізгіштігі туралы деректер көрсетілген. Тәжірибе әртүрлі температураларда ($T, ^\circ\text{C}$) жүргізілді, бұл материал құрылымының, температураның және толтырғыш концентрациясының өткізгіштікке әсерін бағалауға мүмкіндік береді. Өткізгіштіктің өзгерісі электрод-электролит бөлу шекарасында зарядтың жинақталуынан болады, ол поляризациялық эффекттің туындауына алып келеді. Толтырғыштың аз мөлшерінде (0,025 г) өткізгіштік температураның жоғарылауымен артады, TiO_2 концентрациясы 0.05 г дейін артқанда, температураның кең диапазонында жоғары өткізгіштік байқалады (1-кесте). Бұл толтырғыштың аморфты ПЭО фазасының тұрақтануын жақсартуы арқылы иондардың қозғалысын арттыруымен түсіндіріледі. Бірақ толтырғыштың мөлшерін одан әрі арттыратын болсақ керісінше аморфты фазаның үлесі азайып, кристалдықтың артуы мүмкін ғалымдардың еңбегінде толтырғыштың оңтайлы концентрациясы массаның 2-5% құрайды (Chen, et al., 2010), себебі бұл иондардың тасымалдануын қамтамасыз ететін арналардың пайда болуына көмектеседі делінген. Барлық жағдайларда өткізгіштіктің температураға тәуелділігі байқалады, яғни температураның өсуі өткізгіштіктің артуына әкеледі. Бұл иондардың тасымалдануының жылулық белсенділіктің сипатымен, яғни Аррениус механизмімен түсіндіруге болады. TiO_2 қосылған полимерлі электролиттерде иондардың қозғалысын жақсарту арқылы активтену энергиясының төмендеуі байқалады (Zhang, et al., 2015). Мембраналардың өткізгіштік қасиетіне полимерлердің ара қатынасы да әсер етеді. 1:1 қатынасында ПВДФ фазасы көп болғандықтан, механикалық қасиеттер жақсарады, бірақ жоғары кристалдылыққа байланысты өткізгіштік төмендеуі байқалады (1-кесте). 3:1 қатынасында ПЭО үлесі артады, бұл аморфты фазаның жоғарылауына және сәйкесінше өткізгіштіктің артуына әкеледі. Бұл 3:1 қатынасында барлық температура мен толтырғыш концентрацияларында σ жоғарырақ мәндерімен дәлелденеді. Мембрана-сепаратордың кедергісі ПЭО-


ПВДФ 1:1 және ПЭО-ПВДФ 3 :1 қатынасында да TiO_2 үлесі 0,025% болғанда 21,31 және 16,91 болатыны, ал ол кезде иондық өткізгіштік $8,42 \cdot 10^{-3}$ және $9,59 \cdot 10^{-3} \text{ См/см}$ болатынын көрсетті.

Инфрақызыл спектроскопия әдісімен талдау

1:1 қатынаста алынған мембрана-сеператорлардың функционалдық топтар арасындағы химиялық құрам және ықтимал өзара әрекеттесулер инфрақызыл спектроскопиясы арқылы алынды. Инфрақызыл диапазонындағы сіңіру жолақтарының позициясында, пішінінде және қарқындылығында байқалған өзгерістері бір-бірімен әрекеттесетін барлық материалдарды анықтау құралы ретінде пайдаланылды. 2-суретте 400-ден 4000 см^{-1} -ге дейінгі толқындық сандар диапазонындағы 1:1 қатынаста әртүрлі TiO_2 концентрациясында ($x=0.025$; 0.05; 0.075; 0.1) алынған үлгілер үшін жазылған инфрақызыл спектрлері көрсетілген. Таза ПЭО жағдайында спектрдегі 1000-1200 см^{-1} диапазонындағы тән жолақтар үшін эфирлік топтар $\text{C}-\text{O}-\text{C}$ созылу тербелістерінің шыңы және ПВДФ жағдайында CF_2 -ге тән жолақтар көрінген: 1120-1204 см^{-1} және 962 см^{-1} . Сонымен қатар 1342 және 1360 см^{-1} -де мүмкін болатын $\text{C}-\text{F}$ байланысының тербелісі ПВДФ үшін көрінген. 1403-1467 см^{-1} жолақ аралығын ПЭО мен ПВДФ-ке байланысты симметриялы CH_2 созылуына жатқызуға болады. Яғни, CH_2 топтарының тербелістері (ПЭО және ПВДФ үшін) CH_2 ассиметриялық иілуінен және CH_2 симметриялы бұрылуынан пайда болды (Ahmed, et al., 2019).

1600-2000 см^{-1} диапазонында әдетте $\text{C}=\text{O}$ және $\text{C}=\text{N}$ функционалдық топтарының тербелістері орналасады. Бұл ДМФА еріткішінің әсерінен болуы мүмкін, титан оксидінің осы мөлшерінде ($x=0.025$; 0.05) тербелістер айқын көрініп тұр, бұл еріткіштің толық буланбай қалуынан болуы мүмкін деген тұжырым жасауға болады. Ал нано толтырғыш концентрациясы жоғарылағанда тербелістер тегістеліп кетті, бұл еріткіштің толық булануын көрсетеді. Мысалы, 1619 см^{-1} тербелісінде ДМФА молекуласынан $\text{C}=\text{O}$ валенттік тербелістерімен байланысты қарқынды шың бар. TiO_2 концентрациясының жоғарылауымен ($x=0.025$ -тен $x=0.1$ -ге дейін) шыңның қарқындылығы өзгереді, бұл ДМФА-ның TiO_2 нанобөлшектерімен және полимер матрицасымен өзара әрекеттесуін көрсетуі мүмкін. Сонымен қатар, ПВДФ және ПЭО полимерлі матрицаларында 1600-2000 см^{-1} диапазонында айқын шыңдар болмайды (Mohamadi, et al., 2016).

ПЭО үшін алифатты $\text{C}-\text{H}$ симметриялы созылу тербелісі 2880 см^{-1} -де пайда болады (Mohamadi, et al., 2016) және TiO_2 нанобөлшектерінің мөлшері жоғарлаған сайын иілу шыңы жоғалып кетуі және біртегіс болуы полимерлі морфологияның немесе молекулааралық өзара әрекеттесудің өзгеруін көрсетуі мүмкін.




2-сурет. 1:1 қатынаста алынған әртүрлі TiO_2 концентрациясы ($x=2.5; 5; 7.5; 10$ мас.%) негізіндегі мембрана-сепараторлардың инфрақызыл талдауы

3-суретте 400-ден 4000 cm^{-1} -ге дейінгі толқындық сандар диапазонындағы 3:1 қатынаста әртүрлі TiO_2 концентрациясында ($x=0.025; 0.05; 0.075; 0.1$) алынған үлгілер үшін жазылған инфрақызыл спектрлері көрсетілген. Таза ПЭО үшін 2880 cm^{-1} орналасқан жолақ сәйкесінше C–H симметриялы созылу тербелісі және CH_2 созылу тербелістеріне байланысты. TiO_2 концентрациясының жоғарылауымен шыңның қарқындылығы төмендейді, бұл олардың нанобөлшектермен өзара әрекеттесуін көрсетеді. 1350 cm^{-1} , 1245 cm^{-1} жолақтары сәйкесінше, CH_2 ассиметриялық иілуінен және CH_2 симметриялы бұрылуынан пайда болады. 1100 cm^{-1} диапазонында эфирлік топтар C–O–C созылу режиміне байланысты. 1460 cm^{-1} жолақтары сәйкесінше ПВДФ-ке тән CH_2 және CF_2 деформациялық тербелістерін көрсетеді. TiO_2 мөлшерінің жоғарылауымен шыңдар қарқындылығының жоғарлауы байқалады, бұл нанобөлшектердің ПВДФ кристалдығына әсер етуімен байланысты болуы мүмкін. ДМФА молекуласынан C=O валенттік тербелістерімен байланысты қарқынды шың бар: 1598 cm^{-1} , 1666 cm^{-1} , 2250 cm^{-1} . 1598 cm^{-1} жиілікте ДМФА молекуласының C=O валентті тербелістері айқын жолақты береді. 2250 cm^{-1} жиіліктегі әлсіз жолақ валенттік симметриялы немесе ассиметриялы тербелісті $\text{C}\equiv\text{O}$ немесе $\text{C}=\text{N}$ топтарына қатысты болуы мүмкін.

Матрица құрамындағы ПЭО-ның басым болуы C–H топтарымен байланысты аймақтағы қарқынды шыңдардармен түсіндірілуі мүмкін. TiO_2 концентрациясының жоғарылауымен ПЭО, ПВДФ және нано толтырғыш арасындағы өзара әрекеттесу дәрежесі өзгереді.

Талдау бойынша TiO_2 концентрациясының жоғарылауы шыңдардың қарқындылығы мен пішінінде айтарлықтай өзгерістер тудырады, бұл олардың полимер матрицасының құрылымдық сипаттамаларына әсерін растайды. TiO_2 нанобөлшектері полимер матрицасымен әрекеттесуінен, кейбір жолақтардың қарқындылығының төмендеуін байқауға болады, бұл титан диоксидінің оптикалық қасиеттеріне байланысты.




3-сурет. 3:1 қатынаста алынған әртүрлі TiO_2 концентрациясы ($x=2.5$; 5; 7.5; 10 мас.%) негізіндегі мембрана-сепараторлардың инфрақызыл талдауы

Сканерлеуші электронды микроскоп зерттеулері


Сканерлеуші электронды микроскоп (СЭМ) әдетте мембрана-сепараторлардың беткі морфологиясын талдау үшін қолданылады. Мембрана-сепараторлардың беткі морфологиясы мен кристалдығы иондық өткізгіштікте маңызды рөл атқарады. Тегіс беті бар мембрана-сепараторлар жақсы иондық өткізгіштікке ие (Prabakaran, et al., 2016). 4-суретте 1:1 қатынаста әртүрлі TiO_2 концентрациясында ($a=2.5$; $b=5$; $v=7.5$; $g=10$ мас.%) алынған үлгілер үшін СЭМ кескіндері көрсетілген. Барлық пленкалардың СЭМ кескіндері бірнеше кристалды домендерден тұратын кедір-бұдыр (тегіс емес) бетті көрсетеді. Кескіндерден беттің үлкен өлшемдерде (5.58–7.89 мкм аралығында) екенін көруге болады және бұл титан оксиді концентрациясы біртіндеп артқан сайын, полимерлі матрицасының біртектілігі төмендейді. Ірі түйіндер көбейген сайын полимерлік матрицаның біртектілігін төмендетуі мүмкін (4 а-сурет), бұл иондық өткізгіштікті аздап төмендетеді. 5-7.5 мас.% TiO_2 концентрациясы жақсы баланс көрсетеді (4 б,в-сурет), беттің өлшемдерінің біртектілігі сақталады, бұл иондық өткізгіштікке оң әсер етеді. Ал титан оксидінің жоғары концентрациясы (10 мас.%) кезінде ұсақ түйіршіктер көрініп тұр (г-сурет). Артық титан оксиді бөлшектерінің жинақталуы түйіршіктің бір-біріне жақындап, агрегацияға әкелуі мүмкін, бұл иондық өткізгіштікті нашарлатуы мүмкін.

5-суретте 3:1 қатынаста әртүрлі TiO_2 концентрациясында ($a=2.5$; $b=5$; $v=7.5$; $g=10$ мас.%) алынған үлгілер үшін СЭМ кескіндері көрсетілген. 5а-суретте әртүрлі өлшемдегі біркелкі таралмаған кедір-бұдырлық бар, бұл иондар қозғалысының жолдарын шектеуі мүмкін. Келесі концентрацияда (5б-сурет) беттің аздап біркелкі болғаны көрінеді, өлшемдері салыстырмалы түрде кішірек. Одан кейінгі кескіндер бір-біріне ұқсас болып көрінгенімен, айтарлықтай айырмашылық бар (5в,г-сурет). 7.5 мас.% концентрацияда бет біркелкі, агрегация байқалмайды, түйіршіктер аздап сиректеу орналасқан. Бұл концентрацияда TiO_2 нанобөлшектері

полимерлі матрицаға тиімді түрде енеді, иондардың қозғалуына қолайлы жағдай жасайды. Келесі 10 мас.% концентрацияда өлшемдер айтарлықтай кішірейгенімен, олардың арасында агломерация байқалады, яғни бөлшектер бір-біріне жабысқан. Агломерацияның артуы матрица құрылымын тығыздайды және иондардың қозғалысына кедергі келтіреді.



4-сурет. 1:1 қатынаста алынған әртүрлі TiO_2 концентрациясы (а=2.5; б=5; в=7.5; г=10 мас.%) негізіндегі үлгінің СЭМ кескіндері



5-сурет. 3:1 қатынаста алынған әртүрлі TiO_2 концентрациясы (а=2.5; б=5; в=7.5; г=10 мас.%) негізіндегі үлгінің СЭМ кескіндері

Қорытынды. Композициялар әртүрлі мембрана-сеператорлардың 1:1 қатынаста, яғни ((50 мас.% ПЭО/50 мас.% ПВДФ)+х мас.% TiO_2 (х=2.5; 5; 7.5; 10)) және 3:1 қатынаста, яғни ((70 мас.% ПЭО/30 мас.% ПВДФ)+х мас.% TiO_2 (х=2.5; 5; 7.5; 10)) ерітіндіде дәстүрлі құю әдісімен алынды. TiO_2 нано толтырғыш концентрациясының осы мембрана-сеператорларының морфологиялық, химиялық құрылымына және иондық өткізгіштігіне әсері зерттелді. Алынған нәтижелер бойынша мембрана-сеператорының иондық өткізгіштік ең жоғары мәні $8,42 \cdot 10^{-3}$ және $9,59 \cdot 10^{-3}$ См/см болатыны анықталынды. Ең оңтайлы көрсеткішті ПЭО-ПВДФ- TiO_2 (2.5 мас %) 45°C -та 3:1 (полимерлер қатынастары) құрамды мембрана көрсетті. Инфрақызыл спектрлері ПЭО/ПВДФ қоспасы мен TiO_2 нано толтырғыш арасында өзара әрекеттесу жүретінін көрсетті, ол үлгіге тән тербеліс жолағында көрінеді. TiO_2 тән шыңдарының қарқындылығының жоғарылауымен дәлелденеді. Сонымен қатар, бұл мембрана-сеператорларының морфологиясы TiO_2 нанобөлшектерінің бастапқы қосылуымен және оның концентрациясының одан әрі жоғарылауымен күрт өзгереді.

References

- Ahmed H. T., Abdullah O. G. (2019) Preparation and Composition Optimization of PEO:MC Polymer Blend Films to Enhance Electrical Conductivity. *Polymers*, 11(5). — 853 p. (in English)
- Costa C. M., Lee Y.-H., Kim J.-H., Lee S.-Y., Lanceros-Méndez S. (2019). Recent advances on separator membranes for lithium-ion battery applications: from porous membranes to solid electrolytes. *Energy Storage Materials*, 22. — P. 346-375. (in English)
- Dhatarwal P., Sengwa R. J. (2021) Nanofiller controllable optical parameters and improved thermal properties of (PVP/PEO)/ Al_2O_3 and (PVP/PEO)/ SiO_2 nanocomposites. *Optik*, 233. — 166594 p. (in English)
- Dhatarwal P., Sengwa R. J. (2020) Dielectric polarization and relaxation processes of the lithium-ion conducting PEO/PVDF blend matrix-based electrolytes: effect of TiO_2 nanofiller. *SN Applied Sciences*, 2. — 833 p. (in English)
- Ganta K.K., Jeedi V.R., Katrapally V. K., Yalla M., Emmadi L. N. (2021) Effect of TiO_2 Nano-Filler on Electrical Properties of Na^+ Ion Conducting PEO/PVDF Based Blended Polymer Electrolyte. *Journal of Inorganic and Organometallic Polymers and Materials*, 31. — P. 3430-3440. (in English)
- Gong W., Zhang Z., Wei S., Ruan S., Shen C., Turng L.-S. (2020) Thermosensitive Polyacrylonitrile. Polyethylene Oxide/Polyacrylonitrile Membrane Separators for Prompt and Safer Thermal Lithium-Ion Battery Shutdown. *Journal of The Electrochemical Society*, 167(2), 020509. (in English)
- Lee, S. H., Kim, J., Kim, B.-H., Yoon, S., & Cho, K. Y. (2019) Delamination-Free Multifunctional Separator for Long-Term Stability of Lithium-Ion Batteries. *Small*, 1804980. (in English)
- Liu, K., Liu, W., Qiu, Y., Kong, B., Sun, Y., Chen, Z., Zhuo, D., Lin, D., & Cui, Y. (2017) Electrospun core-shell microfiber separator with thermal-triggered flame-retardant properties for lithium-ion batteries. *Science Advances*, 3(1), e1601978. (in English)
- Liu K., Liu Y., Lin D., Pei A., Cui Y. (2018). Materials for lithium-ion battery safety. *Science Advances*, 4(6), eaas9820. (in English)
- Luo L., Gao Z., Zheng Z., Zhang J. (2022) "Polymer-in-Ceramic" Membrane for Thermally Safe Separator Applications. *ACS Omega*, 7(40). — P. 35727-35734. (in English)
- Martins P., Lopes A. C., Lanceros-Mendez S. (2014) Electroactive phases of poly (vinylidene fluoride): Determination, processing and applications. *Progress in Polymer Science*, 39(4). — P. 683-706. (in English)
- Mohamadi M., Garmabi H., Papila M. (2016). Effect of miscibility state on crystallization behavior and polymorphism in crystalline/crystalline blends of poly (vinylidene fluoride)/poly (ethylene oxide). *Macromolecular Research*, 24(8). (in English)
- Prabakaran P., Manimuthu R. P., Gurusamy S. (2016) Influence of barium titanate nanofiller on PEO/

PVdF-HFP blend-based polymer electrolyte membrane for Li-battery applications. *Journal of Solid State Electrochemistry*, 21(5). — P. 1273-1285. (in English)

Ushakova E.E., Sergeev A.V., Morzhukhin A., Napolskiy F.S., Kristavchuk O., Chertovich A.V., Yashina L.V., Itkis D.M. (2020) Free-standing Li⁺-conductive films based on PEO–PVDF blends. *RSC Advances*, 10(27). — P. 16118-16124. (in English)

You-Peng Chen, Yue Zhao, Jian Chu, Shao-Yang Liu, Wen-Wei Li, Gang Liu, Yang-Chao Tian, Ying Xiong, Han-Qing Y. (2010). Fabrication and characterization of an innovative integrated solid-state microelectrode, *Electrochimica Acta*, 55, 20. — P. 5984-5989. (in English)

Xu Y., Zhu J.-W., Fang J.-B., Li X., Yu M., Long Y.-Z. (2020) Electrospun High-Thermal-Resistant Inorganic Composite Nonwoven as Lithium-Ion Battery Separator. *Journal of Nanomaterials*, 2020. — P. 1–10. (in English)

Xue Z., He D., Xie X. (2015) Poly (ethylene oxide)-based electrolytes for lithium-ion batteries. *Journal of Materials Chemistry A*, 3(38). — P. 19218-19253. (in English)

Zhang C., Shen L., Shen J., Liu F., Chen G., Tao R., Ma S., Peng Y., Lu Y. (2019) Anion-Sorbent Composite Separators for High-Rate Lithium-Ion Batteries. *Advanced Materials*, 1808338. (in English)

Zhang H., Li C., Piszcz M., Coya E., Rojo T., Rodriguez-Martinez L. M., Armand M., Zhou Z. (2017) Single lithium-ion conducting solid polymer electrolytes: advances and perspectives. *Chemical Society Reviews*, 46(3). — P. 797-815. (in English)

Zhang P., Wang H., Si Q., Matsui M., Takeda Y., Yamamoto O., Imanishi N. (2015) High lithium ion conductivity solid electrolyte of chromium and aluminum co-doped NASICON-type LiTi₂(PO₄)₃, *Solid State Ionics*, 272. — P. 101-106. (in English)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайтах:

www.nauka-nanrk.kz

<http://chemistry-technology.kz/index.php/en/arhiv>

ISSN 2518-1491 (Online), ISSN 2224-5286 (Print)

Директор отдела издания научных журналов НАН РК *А. Ботанқызы*

Редакторы: *Д.С. Аленов, Ж.Ш. Әден*

Верстка на компьютере *Г.Д. Жадырановой*

Подписано в печать 20.06.2025.

Формат 60x88¹/₈. Бумага офсетная. Печать – ризограф.

13,5 п.л. Заказ 2.

*Национальная академия наук РК
050010, Алматы, ул. Шевченко, 28, т. 272-13-19*